

**Осакаров ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын салықтардың базалық ставкаларын ұлғайту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 қазандағы 50 сессиясының № 540 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қарашада № 3502 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 542 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 14.12.2018 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Автотұрақтардың (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген елді мекендердің жерлері үшін салықтың базалық ставкаларының мөлшері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес ұлғайтылсын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихаттын хатшысы

Б. Жетписбаев  
К. Саккулаков

**КЕЛІСІЛДІ:**

Осакаров ауданы бойынша мемлекеттік  
кірістер басқармасының басшысы  
Б. Келисбеков  
2015 жыл "16" қазан

Аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 16 қазандағы  
50 сессиясының № 540

## **Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары**

№ р/с	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Санаттары
1	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

Аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 16 қазандағы  
50 сессиясының № 540  
шешіміне 2 қосымша

## **Автотұрақтардың (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтарға ( паркингтерге) бөлінген елді мекендердің жерлері үшін салынатын салықтың базалық ставкаларының ұлғайтылған мөлшері**

№ р/с	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Базалық ставканың ұлғаюы
1	1 санат	он есе
2	2 санат	он есе